



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

30 мамыр 2024 жыл

### **KASE 2023 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлеуге 9,3 млрд теңге бағыттайды**

KASE акционерлері 2024 жылдың 30 мамырында өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 2023 жылдың нәтижелері бойынша дивидендтер төлеуге 9 259 132,5 мың теңге бағыттау туралы шешім қабылдады.

Осы шешімге сәйкес дивидендтерді төлеуге Биржаның аудиттелген шоғырландырылған есеп берушілігіне сәйкес 2023 жылғы таза пайдасының 50 %-ы бағытталды. Бір жай акцияға (KZ1C00001213) шаққанда дивиденд мөлшері 8 611,30 теңгені құрайды.

Биржаның таза пайдасы оның аудиттелген шоғырландырылған есеп берушілігіне сәйкес 2023 жылы 18 518 265 мың теңгені құрады, оның 50 %-ы акционерлердің шешімі бойынша дивидендтер төлеуге, қалған 50 %-ы – Биржаны дамытуға бағытталатын болады.

Дивидендтер төлеу туралы шешім акционерлердің өткен жылдық жалпы жиналысында бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Биржаның Дивидендтік саясатына сәйкес қабылданды.

Осы шешімге түсініктеме бере отырып, KASE Басқарма төрайымы Алина Алдамберген былай деп атап өтті: "Өткен жылдың 31 желтоқсанында Биржаның меншікті капиталы 45 234 323 мың теңгені құрады. Соңғы 5 жылда біз жаңа сауда-клирингтік жүйелерді енгізу, орталық контрагент қызметтерін іске қосу, Алматы қаласында деректерді өңдеу орталықтарының базасында метрокластер құру және Биржаның бэкофистік жүйелері мен қосымшаларын жаңғырту бойынша ірі жобаларды аяқтадық. 2023 жылы Биржаның еншілес ұйымы – "KASE клиринг орталығы" АҚ құрылды, оған қор нарығы қызмет көрсетуге берілді және биыл валюталық және мерзімдік нарықты, сондай-ақ есеп айырысу қызметін беру аяқталады. Осыған байланысты биржаның негізгі инвестициялық және капиталды қажет ететін жобалары аяқталды. Біз Биржаның Дивидендтік саясатын жаңарттық, оған сәйкес алдағы жылдары таза пайданы дивидендтерді төлеуге бағыттауды жоспарлап отырмыз".

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары - репо және валюталық своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы.

KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының халықаралық қауымдастығының (ТМД БХҚ), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.